

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
АКТЮБИНСКИЙ ЮРИДИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ  
ИМЕНИ М. БУКЕНБАЕВА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
М.БҰКЕНБАЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЗАҚ ИНСТИТУТЫ**

**АҚТОБЕ LAW INSTITUTE OF THE MINISTRY OF INTERNAL AF-  
FAIRS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN NAMED AFTER  
M.BUKENBAEV**

**МИР ЗАКОНА  
№ 9 (197)**

**THE WORLD OF THE LAW**

**№ 9 (197)**

**Ақтобе, 2018**

## МИР ЗАКОНА

**Юридический научно-практический журнал**  
Издается с 01.06.1999 г.  
**Периодичность:** 1 раз в месяц  
**Свидетельство об учетной регистрации СМИ**  
№ 544-Ж от 13.01.1999г.  
**Главный редактор:**  
Кандидат юридических наук  
**Каракусhev С. И.**  
**Научный редактор:**  
Кандидат юридических наук  
**Сулейманова Г. Ж.**  
**Редакционная коллегия:**  
**Ананич В. А.** — доктор исторических наук, кандидат юридических наук, профессор.  
**Осипенко А. Л.** — доктор юридических наук, профессор.  
**Бекишева С. Д.** — доктор юридических наук, доцент.  
**Таранова Т. С.** — доктор юридических наук, профессор.  
**Татарян В. Г.** — доктор юридических наук, профессор.  
**Грибунов О. П.** — доктор юридических наук, доцент.  
**Алиев Н. Т.** — доктор философии по праву, доцент.  
**Абейов Е. Т.** — кандидат юридических наук, доцент.  
**Воронина И. А.** — кандидат юридических наук, доцент.  
**Максименко Е. И.** — кандидат педагогических наук.  
**Гук А. И.** — кандидат философских наук, доцент.  
**Пашнин А. Н.** — кандидат юридических наук, доцент.  
**Ответственный секретарь:**  
**Каримбаева А. К.** — магистр юридических наук.  
**Технический секретарь:**  
**Байкунакова Г. А.** — магистр юридических наук.

## МИР ЗАКОНА

**Зангерлік ғылыми-тәжірибелік журнал**  
1999ж.01.06 бастап шығарылуда  
**Шыгу мерзімділігі:** айна 1 рет  
**БАҚ-тың есептік тіркеу туралы**  
**куәлігі**  
1999ж.13.01. № 544-Ж  
**Бас редактор:**  
заң ғылымдарының кандидаты  
**С. И.Қарақушев**  
**Ғылыми редактор:**  
заң ғылымдарының кандидаты  
**Г. Ж.Сулейманова**  
**Редакциялық алқа:**  
**В. А.Ананич** — тарих ғылымдарының докторы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор.  
**А. Л. Осипенко** — заң ғылымдарының докторы, профессор.  
**С. Д. Бекишева** — заң ғылымдарының докторы, доцент.  
**Т. С. Таранова** — заң ғылымдарының докторы, профессор.  
**В. Г. Татарян** — заң ғылымдарының докторы, профессор.  
**О. П. Грибунов** — заң ғылымдарының докторы, доцент.  
**Н. Т.Алиев** — құқық бойынша философия докторы, доцент.  
**Е. Т. Абейов** — заң ғылымдарының кандидаты, доцент.  
**И. А. Воронина** — заң ғылымдарының кандидаты, доцент.  
**Е. И. Максименко** — заң ғылымдарының кандидаты.  
**А. И. Гук** — философия ғылымдарының кандидаты, доцент.  
**А. Н. Пашнин** — заң ғылымдарының кандидаты, доцент.  
**Жаупты хатшы:**  
**А. К. Каримбаева** — заң ғылымдарының магистрі.  
**Техникалық хатшы:**  
**Г. А. Байкунакова** — заң ғылымдарының магистрі.

## THE WORLD OF THE LAW

**The juridical scientific-practical journal**  
Published since 01.06.1999.  
**Periodicity:** 1 time per month  
**Certificate of accounting registration of the media**  
№ 544-Ж of 13.01.1999  
**Chief Editor:**  
Candidate of Juridical Science-Karakushev S.I.  
**Scientific Editor:**  
Candidate of Juridical Science Suleimanova G.Zh.  
**Editorial board:**  
**Ananich V.A.** — Doctor of Historical Sciences, Candidate of Juridical Sciences, Professor  
**OsipenkoA.L.** — Doctor of Law, Professor.  
**Bekisheva S.D.** — Doctor of Law, Associate Professor  
**Taranova T.S.** — Doctor of Law, Professor  
**Tataryan V.G.** — Doctor of Law, Professor  
**Gribunov O.P.** — Doctor of Law, Associate Professor  
**Aliev N.T.** — PhD in Law, Associate Professor, PhD in Law, Associate Professor  
**Abeyuo E.T.** — Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor  
**Voronina I.A.** — Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor  
**Maksimenko E.I.** — Candidate of Pedagogical Sciences.  
**Guk A.I.** Candidate of Philosophy, Associate Professor.  
**Pashnin A.N.** — Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor.  
**Executive Secretary:**  
**Karimbaeva A.K.** — master of juridical sciences.  
**Technical Secretary:**  
**Baykunakova G.A** — master of juridical sciences.

**Қ.А. Бұркітбаев — Қазақстан Республикасы ПМ М. Бәкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі**

**ӘОЖ 378:004**

## **БІЛІМ САПАСЫН ЖАҢА САПАЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БАСҚАРУ**

### **ОСНОВЫ УПРАВЛЕНИЯ НОВЫМИ КАЧЕСТВЕННЫМИ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИМИ СРЕДСТВАМИ ОБУЧЕНИЯ**

### **BASIS OF MANAGEMENT OF NEW QUALITATIVE TECHNOLOGICAL MEANS OF EDUCATION**

**Түйінді сөздер:** Жолдау, цифровық Қазақстан, ақпараттық технологиялар, компьютер, бағдарлама, материал, информатика.

**Ключевые слова:** Послание, цифровой Казахстан, информационные технологии, компьютер, программа, материал, информатика.

**Keywords:** Message, digital Kazakhstan, information technologies, computer, programs, material, computer science.

Цифровық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді бейнекүрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет. Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифровық дағыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек. «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет. Мемлекет жастарға алғашқы ма-мандықты береді. Үкімет бұл міндетті орындауға тиіс. Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының бейнесабактары мен бейнедәрістерін Интернетте орналастыру керек. Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде, шалғайдағы елдімекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады. Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек. Осыған орай металлургия, мұнай-газ химиясы, агрономия, кешені, био және IT-технологиялар салаларын зерттеу ісінде басымдық беретін жоғары оқу орны ғылыми дамыту керек. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін менгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс<sup>1</sup>.

Қазіргі заман оқытушының тек өз пәнінің білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі — тек біліммен қаруландырып қана қоймай өздігінен білім алуды

дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Информатика пәнін оқытудағы ақпараттық технологиялардың педагогикалық мақсаттары:

- қолданушы мен ақпараттық және коммуникациялық құрылғылар арасындағы жылдам байланыс;
- ақпараттық әдістемелердің оқыту үрдісін ұйымдастырудың бақылауын автоматтандыру.

Қазіргі уақытта білім берудің сапасын арттыру және қала мен ауыл оқушыларының тең мүмкіншіліктерін қамтамасыз ету бағытында ақпараттық білім берудің мультимедиалық қызметін пайдаланудың зор мүмкіншіліктерін тиімді пайдалану қажеттілігі туындауда. Ол — ақпараттың жаңа тәсілі, мультимедиалық кабинеттер арқылы интерактивтік оқыту әдісі.

Информатиканың оқыту әдістемесі окушының өзіндік тұлғасын қалыптастыру үшін, оның дүниетанымын және интелектін дамытуға, іргелес пәндерді зерттеуге, білім жалғастыруға және болашақ мамандық қызметі үшін қажетті математикалық білімі мен іскерлігін қалыптастыруға және жүйлендіруге бағытталған. Бірақ, көпшілік жағдайда оқытуышыға оның әртүрлі бөлімдерінің байланыстарын талқылауға және көрнекі бейнелеуге уақыт жете бермейді. Оқытушының назары негізінде белгілі бір типті есептер шыгарудың практикалық дағдысын қалыптастыруға жұмсалады.

Қазіргі уақытта информатика сабағында тек қана иллюстрация тестілеу үшін қолдану жеткілікті емес. Компьютер оқу үрдісінің барлық кезеңдерде қолданылуы қажет жаңа сабак түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, білімді, дағдыны, іскерлікти тексеруде және үлгерімді тексеру және оқушылардың білімін жетілдіру мақсатында ақпараттық технологиялар пайдалану, біріншіден, оқытушының жұмыс өнімділігін арттырып, оқу нәтижелерін тексеруге көбірек уақыт бөлуге көмектеседі; екіншіден, объективті түрде қадағалай отырып, олардың алған білімін бағалауды жүзеге асырады; үшіншіден, бақылау технологиясына ғылыми элементтер енгізіп, оны кейіннен де пайдалануға болатындей етіп, білім мекемелерін алынатын білім мен дағдылану деңгейлерін нақты түрде стандарттау технологиялары жайлы айтуда негіз бола алады.

Қазіргі таңда қолға алғынып отырған компьютерлік оқу үрдісінде интерактивті тақтамен жұмыс істеу тиімді. Бұл тақтаниң тиімділігі мынада:

- тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз етеді;
- қажетті ақпараттық материалдарды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді;
- әрбір жеке тұлғаның, білімін, білік іскерлігін, әрбір тауарлар бойынша тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

Оқытушы алдымен сыйыптағы компьютерлерге пәні бойынша дәріс тақырыптары мен мазмұнын жеке тақырыпты игеруге қатысты зертханалық жұмыстарды тәжірибелік есептерді, білім алушының білімін тексеруге арналған тестерді енгізіп қояды. Дербес компьютердегі дәріс мәтініне өзгертулер мен қосымша материалдарды қындықсыз ендіруге болады. Білім алушылар өзгерістерді дер кезінде біліп отырады. Әрбір білім алушы өзінің пәнінен дәріс материалдарын, тәжірибелік сабағын, бақылау жұмысын, қорытынды тесті компьютерге енгізіп

қоюның артықшылықтары бар. Бұл біріншіден, әртүрлі себеппен сабаққа келмей қалған білім алушының өтілген материалды компьютерден оқып, ізденіс жасауына, білім алуына мүмкіндік береді. Екіншіден, дербес компьютерді қолдану, оның графикалық мүмкіндігі білім алушының пәнге деген қызығушылығын туғыздады, әрі келесі сабактарды менгеруге жетерлік білім жинақталады. Үшіншіден, білім деңгейі әртүрлі білім алушылардың жаңа сабаққа қатысты даярлығы шамаланады. Төртіншіден, білім алушы компьютер арқылы сабактың жалпы қисынды құрылымын біле отырып модулді тапсырмаларын орындауды алдын ала жоспарлай алады.

Сонымен, информатиканы оқыту үрдісінде компьютерді қолдануға байланысты төмендегідей тұжырымдарды қорытындылауға болады:

- компьютер оқу үрдісін іскерлік тұрғыда ұйымдастырудың барынша адекваттық техникалық құралы;
- компьютер белсенді әріптес роліне еніп, білім алушылардың іс-әрекет ынтасын арттыра түседі, даралап оқыту үрдісі жүзеге асырылады;
- компьютер бағдарламалық информатиканы оқыту үрдісінің тұтастығын бұзбастан, оны білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыруға жол ашады, керекті ақпаратты іздеуге байланысты тапсырмалар алады;
- компьютер — білім алушылар білімін бақылауды ұйымдастырудың теңдесіз құралы және жаңа ақпараттық технологияларды білім алушыларға сабак барысында қолданудың мысалы бола алады;
- компьютер жұмысының қалыптылығы білім алушылардың оқу үрдісін, теренірек түсінуге жағдай жасап, олардың логикасы мен ақыл-ойының деңгейін көтереді;
- компьютердің курделі бейнелерді сомдау мүмкіндігі жоғары деңгейдегі көрnekілік ретінде материалды оқып үйренуді барынша жақсартады;
- компьютер оқу үрдісіне танымдық құралдар енгізеді<sup>2</sup>.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісінде жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолданылуы қажет етуде. Электрондық байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың өркениетті елдердің іс-тәжірибелерінде айқын сезілуде. Қазір білім беру жүйесі мен білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу басты мәселеге айналуда. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі:

- қашықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет пәндер мен тапсырмаларды үйренуде мүмкіндік мол.

Жаңа ақпараттық технологиясына дайындау мынадай екі негізгі модуль бойынша құрастырылған: «Педагогтың ақпараттық құзырлығы» және «Оқытудағы ақпараттық технологиялар». Ақпараттық мәдениетті дамыту қазіргі педагогтың ақпараттық құзырлығына қойылатын талаптарына сай анықталады: қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістіктуралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіләлемдік ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу

алгоритмі мен ақпараттарды аналитикалық-синтетикалық түрғыдан өндөу әдістерін менгерту). Ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін менгерту; қолданбалы бадарламалық құралдарды менгерту; жаңа бағдарламалық құралдарды менгерту. Өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану.

Технология — оқыту үрдісіне жаңашыл әдіс-тәсілдерді жинақтау, қолдану, жетістігін сараптау. Ал ақпараттық технологиядан іздену дегеніміз — осы мәселелердің шешімін іздену деген сөз. Еліміздің өртепінің кепілі, болашақ тірегі — ЖОО білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, ұстаздардың, басшылардың педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептеймін. Болашақтың нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдірет күші тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын есіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуды оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. А.Байтұрсынұлы өзінің «Мектеп керектері» еңбегінде былай деп жазды: «...мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек біліп алғып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі — білімді педагогика, методикадан хабардар, оқытга біletін мұғалім» демекші қазіргі таңда жан-жақты хабардар педагог қалыптасады<sup>1</sup>.

Осы мақаламды қорыта келе, төмендегідей тұжырымға келдім: біздің білім берудегі мақсатымыз — курсанттарды зерделі де өнегелі адам болып өсуге тәрбиелеу. Біліммен қатар, оларға адамгершілік негіздері мен өнегелі өмір қағидаларын бағалап, өздері таңдауына жол беру керек. Осы мәселені жігерлі және нәтижелі шеше алатын балалар өз ойларын, өз пікірлерін, өзінің сезімдерін дәл айтып бере алуға тез үйренеді. Осы арқылы олар басқалардың көңіл-күйін бөлісе алады, өзін-өзі танып біле алады. Сонымен қатар, өзіне сенімді, өз сезімдерін шын айталағын, дұрыс пікірлер айталағын білім алушы қалыптасады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Тәртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы.

<sup>2</sup> **Беркінбаев К.М. Информатика.** Оқулық — Алматы, 2005.

<sup>3</sup> **Байжұманов М.Қ., Жапсарбаева Л.Қ.** Информатика.: Оқу құралы, Астана-2004.

## **ТҮЙН**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауын басшылыққа ала отырып, білім сапасын жақсартатын заманауи ақпараттық технологиялар туралы жазылған.

### **АННОТАЦИЯ**

В данной статье представлены инновационные технологии, применяемые сотрудниками правоохранительных органов, о чем также говорится и в послании Президента Республики Казахстан.

### **ANNOTATION**

This article describes the innovative technologies used by law enforcement officers, which are reflected in the message of the President of the Republic of Kazakhstan.

*А.С. Галиуллина — Қазақстан Республикасы ПМ М. Бекенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының күндізгі оқу факультетінің ага оқытушы-әдіскері, полиция майоры.*

*Ж.Ж. Ақсақова — Қазақстан Республикасы ПМ М. Бекенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының күндізгі оқу факультетінің оқытушы-әдіскері, полиция капитаны*

**ӘОЖ 378:796**

## **КРЕДИТТИК ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРЕ ОТЫРЫП, КӘСІБИ МА- МАНДАРДЫ САПАЛЫ ДАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

### **ОСОБЕННОСТИ КАЧЕСТВЕННОЙ ПОДГОТОВКИ ПРОФЕССИО- НАЛЬНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ НА ОСНОВЕ КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ**

### **FEATURES OF HIGH-QUALITY TRAINING OF PROFESSIONAL SPE- CIALISTS ON THE BASIS OF THE CREDIT SYSTEM OF TRAINING**

*Түйінді сөздер:* әлеуметтік, рухани, ғылыми, жоғары, ұлттың, шыгармашылық, кешенді, бейімділік, жүйесі, кредиттік, технологияны.

*Ключевые слова:* социальной, духовный, научные, высшее, национальность, творческий, комплексная, склонность, системы, кредитной.

*Keywords:* social, spiritual, scientific, higher, nationality, creative, complex, inclination, assets, credit.

Жоғары оку орындарындағы білім сапасының деңгейі бірнеше факторларға байланысты. Ол бірінші кезекте білім беру орындарының педагогикалық қызметтінің сапасына, ғылыми дәрежесінің сапалық құрамына, оқу-материалдық базаға, ғылыми-әдістемелік, техникалық құралдармен қамтамасыз етілуіне байланысты. Білім беру сапасының негізгі факторларының бірі жоғары оқу орнындағы ғылыми қызыметтер.

Қазіргі уақытта болашақ білімді мамандарды дайындау кезінде білім беруге ғана емес, сонымен қатар, тәжірибелік білік пен дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді<sup>1</sup>.

Жоғары білім тек мәдениетпен байланысты пәндер шеңберімен және арнайы кәсіптік даярлықпен қамтылмауы тиіс, яғни кәсіптік білім берудің қызметтік кұрамдас бөлігі тек белгілі бір мамандықпен шектелмеуі тиіс.

С.И. Архангельскийдің пікірінше, жоғары мектептегі оқу үрдісі — бұл білім алушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы жоғары білікті жанжақты мамандарды қалыптастыру. Білім алушылардың шығармашылық дербестігін дамыту үшін, оқыту үрдісінің өзіндік ерекшеліктерін және оның негізгі компоненттерін анықтау қажет: мақсаттары, міндеттері, қағидалары, мазмұны, түрлері, әдістері<sup>2</sup>.

Сондықтан қазіргі қоғамның кез келген жаһандық мәселелері адам мен қоғамның байланысын нығайта түседі. Сол себептен бұл мәселені білім беру саласына түбекейлі өзгерістер енгізбестен бұрын шешу мүмкін емес. Мұндай мүмкіндік, ұлттың негізгі құндылықтары мен ерекшеліктерін сақтай отырып, білім берудің түрлі жүйелерін интеграциялау үрдісінде орын алады.

Қазіргі заманғы оқыту жүйесінің негізгі мақсаты — білім беруде өз бетімен ізденуге, шығармашылық әдістерге үйрету. Ол үшін іздене отырып, ақпараттармен қарулану, сондай-ақ жинақталған теорияны тәжірибеде қолдану қабілетін жетілдіру. Бірақ, оқу үрдісі келесі дидактикалық қағидаларға сәйкес негізделуі тиіс:

- уақытты тиімді пайдалану, ғылыммен және өмір ағымымен байланыстыру, білім алушының өзіне негізгі жүктемені арттыра отырып;

- дидактикалық мүмкіндіктерді иеруге қабілетті компьютерлік технологияларды пайдалану;

- орындаған өзіндік жұмыстарды бақылай отырып, тест жүйесі арқылы бақылауды қүшету;

- білім берудің жоғары ғылыми деңгейіне қол жеткізу үшін әдістемелік көмек көрсету;

- білім алушылардың шығармашылық белсенділігін, жеке қабілеттерін, олардың мүмкіндіктеріне сенуін, терең білім алуға қызығушылығын оятуға құшсалу.

Халықаралық оқыту моделіне сәйкес, жоғары білім беру жүйесінде жүргізілетін реформалар бір бағытты оқытудың дәстүрлі жүйесінен көп бағытта оқыту жүйесіне көшуді жетілдіру.

Бір бағыттағы оқыту жүйесі — бұл белгілі бір уақыт көлемінен шықпай, белгілі бір бағдарлама шенберінде оқыту жүйесі<sup>3</sup>.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға жауап беретін әлемдік білім беру тәжірибесінде демократияландыру, жаңғырту, білім беру саласын арттыру, оқытудың көң таралған тиімді жүйесі, ол оқытудың кредиттік жүйесі негізінде білім беруді ақпараттандыру сияқты қоғамдық жетілдіруді жүзеге асыру.

Қазіргі уақытта еліміздің жоғары оқу орындары «жоғары оқу орнының еуропалық аймағы туралы» Болон декларациясы және «Еуропалық аймақтың жоғары оқу орнына жататын біліктілікті тану туралы» Лиссабон конвенциясы (11.04.1997 ж.) негізінен кредиттік оқыту жүйесіне көшті<sup>4</sup>. Ал Еуропа елдері 1988 жылдан бастап кредиттік оқыту жүйесімен оқытып келеді. Тұстастай алғанда оқытудың жаңа жүйесі, жоғары оқу орындарының білім беру саласын және өкілеттіктерін кеңейту мақсатын көздейді. Білім алушыларды жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту технологиясын пайдалана отырып оқыту, сапалы кәсіби мамандарды даярлауға үлкен үлес қосады. Сондықтан бұл технологияны енгізу және одан әрі дамыту мемлекеттің білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесін Америка Құрама Штаттары XX ғасырдың ортасында енгізе бастады. 1969 жылы Гарвард университетінің Элиоты Чарлз осы жүйені алғаш рет енгізді. Бұл жүйе білім сапасын жетілдіру мақсатында мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін Америкада қолданыла бастады. Америка халқына дербестік, еріктілік және білімге қатаң талаптар тән екені белгілі. Осы ұстанымдардың барлығы кредиттік оқыту жүйесі бойынша білім алушы білім алушыға оқу үрдісінің тәртібін дербес жоспарлауға, еңбек қызметінде оның мүдделерін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасын таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетінше жұмыспен білім деңгейін арттыруға, білім траекториясын өз бетінше таңдауға, жүйелендіруге және кезендерге бөлуге ықпалын тигізеді.

Халықаралық білім беру кеңістігінде жоғары білім бойынша кредиттік оқытудың 4 жүйесі бар. Бұл: Еуропалық жүйе-ESTS, американцық жүйе-USCS, Британдық жүйе-CATS, Азия елдеріндегі және Тынық мұхит жағалауындағы жүйе-USTS. Қазақстанның білім беру жүйесі негізінен еуропалық кредиттік жүйесіне кіреді. Осы жүйе бойынша Еуропаның ірі елдері — Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия және т. б. мемлекеттердегі білім.

Қазақстан Республикасының ПМ жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесінің басты артықшылығы — әлемдегі үздік технологиялық тәжірибелерді пайдалана отырып, кәсіби мамандарды сапалы даярлау. Бұл жүйені енгізу курсанттарды өз бетінше іздену, белгілі әдістер мен тәсілдерді пайдаланумен қатар сапалы білім алу үшін жағдай жасауды көздейді.

Кредиттік сөздің мағынасы — сенім, яғни курсантқа деген сенім. Бұл оның білімін арттыруға, өз бетімен ізденуге, әрбір өткен тақырыпты шығарма-шылықпен менгеруге, алған теориялық білімін тәжірибелік қызметінде молынан пайдалануға ықпал етеді. Курсантқа тақырыпты жан-жақты талдаумен қатар, тақырып бойынша терең білім алу үшін бағдар беріледі.

Оқу орындарында кредиттік жүйеге көшуге байланысты соңғы уақытта оқу-материалдық базаның және әлеуметтік ішкі құрылымдардың дамуына әсер етті. Жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне пайдаланатын компьютерлік желілерді құру мақсатында ақпараттық техниканы қолдану белсенді жүзеге асырылуда.

Оқытудың кредиттік жүйесін енгізу тәжірибесі академиялық тандау еркіндігі оқытудың кредиттік жүйесінің негізгі артықшылықтарының бірі болып табылады: білім алушылар оқытушыларды тандау арқылы өзінің білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндігі бар. Осылан байланысты таңдалған оқу траекторияларының нәтижелері жеке оқу жоспарларында көрсетіледі.

Курсанттың жеке іздене отырып атқарған өзіндік жұмысының тағы бір маңызды жағы білімнің түрлі салаларынан алынған ақпаратты пайдалана отырып, болашақ мамандардың дербес шешіміне бағытталған.

ОСӘЖ (курсанттың оқытушымен өзіндік жұмысы) оқылатын оқу пәннің күрделілік дәрежесіне, аудиториялық сағат көлеміне, курсанттардың дайындық денгейіне байланысты анықталады. Курсанттар үшін осы тапсырманы орындау кезінде туындастын мәселелерді шешу, ағымдағы рейтингтік бағаны арттыру мақсатында ОСӘЖ өткізу өте маңызды.

Кредиттік оқыту жүйесі өзінің әдістемелік тәсілдеріне ие. Эрбір оқу пәннің жұмыс көлеміне және мамандықтың көсібілігі тұрғысынан менгерудің маңыздылығына байланысты кредиттік «балл» (бағалау) анықталады. Осылан байланысты барлық пәндерді жақсы менгерген курсант өзінің алған біліміне байланысты кредит санын жинақтайды.

Білім беру жиынтықтарының жалпы санына сәйкес бакалавр дәрежесін алады. Сонымен қатар, кредиттік оқыту технологиясы бойынша аудиториялық жұмыс көлемінің қысқаруы курсанттардың көсіби білім берудің жаңа сапасын алудына, дербес жұмысты белсенді жетілдіруге, кредиттік оқытуға сәйкес оқу материалдарын жаңартуға ықпал етеді.

Оқытушының оқытатын пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешен күрьымында: дәріс жоспары, конспект, өзін-өзі бақылау сұрақтары, семинар сұрақтары, глоссарийлер, ОСӘЖ және СОӘЖ-де берілген тапсырмалар мен тақырыптар, әдебиет, тапсырмаларды орындау және өткізу уақыты көрсетіледі.

Кешен арқылы курсант өз бетінше оқуға, өзін-өзі үйымдастыруға, өзін-өзі бақылауға және бағалауға үмтүлады. Бұл оларға өз іс-әрекетінде сезінуге, өз білім деңгейін анықтауға, өз қабілеттерін өз бетінше талдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, жоғарыда аталған оқыту технологияларын ескере отырып, бізге дейін зерттелген еңбектерді талдау негізінде, егер қандай да бір технология жаңа технологияларды дұрыс үйымдастыруға және іске асыруға мүмкіндік берсе, оқу үдерісі нәтижелі болады деген қорытындыға келдік.

<sup>1</sup> Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. // Бас ред. Ж.Қ.Тұймебаев. — Астана, 2009. 400 б.

<sup>2</sup> *Архангельский С.И.* Учебный процесс в высшей школе его закономерности, основы и методы. — М, 1994. 384 с.

<sup>3</sup> *Мустоянова А.С., Қапанова А.Т.* Студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру. Оқу құралы. — Ақтөбе, 2007. 193 б.

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасының «Европа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы» Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы № 202-1. 1997 ж.

## **ТҮЙІН**

Мақалада еліміздің оқу орындарында жаңа жүйені енгізу, курсанттың өз бетінше ізденудің рөлін күшейтіп, тұлғаның дербестік қабілетін жетілдіруге басымдық беру қажеттігі көрсетілген.

## **АННОТАЦИЯ**

В статье отражена необходимость внедрения новой системы в учебных заведениях страны, усиления роли курсантов в самостоятельном поиске, приоритета в совершенствовании самостоятельности личности.

## **ANNOTATION**

The article reflects the need to introduce a new system in educational institutions of the country, strengthening the role of cadets in independent search, priority in improving the independence of the individual.

*Дүйсембаева Даирасына — преподаватель кафедры военной и физической подготовки Актаубинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева, капитан полиции*

**УДК 87**

## **ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА КАК ПРОЦЕСС ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ КУРСАНТА**

**ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ КУРСАНТТЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТА-  
СТИРУ ПРОЦЕСІ РЕТИНДЕ**

**PHYSICAL CULTURE AS A PROCESS OF FORMATION  
THE IDENTITY OF THE STUDENT**

*Ключевые слова:* физическая культура, спорт, сила, сознание, развитие, поколение, духовное богатство, воспитание.

*Түйінді сөздер:* дене шынықтыру, спорт, күш, сана, даму, ұрпақ, рухани байлық, тәрбие.

*Keywords:* physical culture, sport, power, consciousness, development, generation, spiritual wealth, education.

Смена эпох, переживаемая в нашей стране и в мире, прежде всего, затрагивает цели, смысл и содержание физического воспитания курсантов, характеристики личностного развития человека. Это предполагает переориентацию учебного заведения с упором на роль этого предмета не только в их профессиональной деятельности, но и общей гуманитарной подготовке, культурном и гуманистическом потенциале человека.

В любых видах деятельности профессиональный рост специалиста включает в себя в качестве основополагающего компонента физическую культуру. Физиче-

ская культура является жизненной потребностью, так как это совокупность физических и духовных сил, которыми располагает организм человека.

Поэтому учитывая вышеизложенное, можно сказать, что главной целью физического воспитания курсанта является формирование физической культуры личности, под которой понимается активное воздействие не только на физические способности человека, но и, прежде всего, на чувства и сознание, психику и интеллект. Все это обеспечивает формирование устойчивых социально-психологических проявлений положительной мотивации, ценностных ориентаций, интересов и потребностей в сфере физической активности, физической культуры.

Важную роль в формировании личной физической культуры курсантов играет освоение им определенной суммы знаний для практической деятельности. Но в объеме знаний курсанта менее всего обеспечен их комплекс, который призван обеспечивать обретение культуры личности, ценностно-мотивирующую основание, с помощью которого человек решает смысл жизненных вопросов. Существует существенное расхождение между профессионально-функциональным знанием и знанием повседневной жизни человека, где приобретается личный опыт. Для курсантов и молодых сотрудников наступает такой период жизни, когда необходимо использовать запас знаний в области физической культуры.

Однако большинство курсантов их не имеет, а потому они не умеют грамотно и целенаправленно организовывать самостоятельную деятельность в области физической культуры. Более того, знания оказываются мертвым грузом в том случае, если они не подкрепляют их интеллектуальным воспитанием.

Основные положения концепции воспитания в изменяющихся условиях, чтобы человек развился как личность, индивидууму нужно выстроить собственный мир ценностей, войти в мир знаний, овладеть творческими способами решения научных и жизненных проблем. Педагогический эффект таких занятий будет заключаться не только в приобретении занимающимися новых знаний в области физической культуры, двигательных умений и навыков, развития положительно-го мотивационного отношения к физической культуре, но и выражаться в повороте их к саморазвитию, самовоспитанию, к формированию широкого круга потребностей, а в конечном счете и в приобретении культуры<sup>1</sup>.

В рамках такого подхода в содержании физического воспитания выделяется три основных компонента: социально-психологический, интеллектуальный и двигательный (физический).

Современная профессиональная деятельность требует от курсантов вузов МВД РК, как и от остальных специалистов, занимающихся физической культурой и спортом, не только специальной психофизической подготовленности, но и глубоких теоретических знаний, поэтому на практике модель выпускника данного вуза должна включать: достаточную профессиональную работоспособность, наличие необходимых резервных физических и функциональных возможностей организма для своевременной адаптации к быстро меняющимся условиям оперативно-служебной деятельности и внешней среды, объему и интенсивности труда; способности к полному восстановлению в заданном лимите времени и присут-

ствие мотивации в достижении цели, базирующихся на физических, психических и духовных возможностях человека<sup>2</sup>.

Профессиональная готовность сотрудников органов внутренних дел обеспечивается многими факторами, значительное место среди которых занимает физическая подготовка. Она представлена в образовательных учреждениях МВД РК, как самостоятельная учебная дисциплина и является обязательным разделом гуманитарного компонента образования. Данная дисциплина направлена на формирование духовных и физических сил курсантов, формирует у них такие общечеловеческие ценности, как здоровье, физическое и психическое благополучие, физическое совершенство. Вместе с тем физическая подготовка является разделом служебно-боевой подготовки и призвана формировать физическую и психическую готовность курсантов к эффективным действиям в экстремальных ситуациях, связанных с применением мер насилиственного воздействия.

Физическая подготовка является сложным психолого-педагогическим процессом, которая формирует физическую культуру личности курсанта. Она включает в себя способы и формы деятельности, направленные на укрепление здоровья, совершенствования психофизических способностей организма, овладение специальными знаниями, прикладными навыками, повышение интеллектуальной и физической работоспособности слушателя, то есть формирование системы взглядов, убеждений, жизненных установок, реализующих потенциальные природные возможности человека.

Физическая подготовка, имея по своей сути прикладную направленность, представляет собой значительную и жизненно необходимую часть общей физической культуры личности сотрудника ОВД. Прикладная направленность физической подготовки выражена в перечне необходимых упражнений, предназначенных для изучения, а также в дифференцированном подходе к требованиям по уровню развития физических качеств и двигательных навыков курсантов.

Конечной целью физического воспитания курсантов является формирование физической культуры личности и способности направленного использования разнообразных средств физического воспитания для сохранения и укрепления здоровья.

Двигательная активность курсантов высшего образовательного учреждения МВД Республики Казахстан в форме процесса профессионально-прикладной физической подготовки является неотъемлемым компонентом их профессионального обучения.

Однако данный процесс в рамках регламентированных учебных занятий не в полной мере обеспечивает достаточный уровень физической подготовленности курсантов. Приходится констатировать, что только умение заниматься самостоятельно может решить проблему оптимизации их физического состояния. Возникает вопрос, как сделать так, чтобы повседневные самостоятельные занятия физическими упражнениями стали необходимостью и потребностью для данного контингента. Единственным выходом из сложившейся ситуации нам видится формирование у курсантов мотивации к самостоятельным занятиям физическими

упражнениями, т.е. формирование потребности и умения заниматься самостоятельно.

Переориентация потребностно-мотивационной сферы на самостоятельные занятия курсантов в процессе обучения и последующее возрастание периодичности занятий возможны только в случае повышения их образованности в области физической культуры. Это недвусмысленно означает, что существует необходимость в расширении и углублении методических знаний и умений. При этом необходимо учитывать, что обладание только вербальными знаниями и умениями автоматически не создает установку на повседневную оздоровительную активность и активность в области физической культуры. Для этого необходимо поочередно решить ряд задач.

Первое — формировать в первую очередь все те же вербальные знания, когда должны усваиваться конкретные факты, суждения и умозаключения из сферы физической культуры. Но эти знания, как правило, абстрактны, и не связаны с конкретной практической деятельностью и вследствие их неприменения в процессе собственных занятий физическими упражнениями они быстро исчезают.

Второе — осознание жизненной важности того, относительно чего получены эти знания, то есть превращение внешних идей в фактор мотивации поведения.

Третье — только когда происходит трансформация убеждений в достояние личности как потребности на основе знаний и собственного практического опыта, лишь тогда можно говорить о решении задачи по формированию потребности в чем-либо (в частности, потребности к самостоятельным занятиям физическими упражнениями)<sup>3</sup>.

Исходя из вышесказанного, можно определить условия формирования физической культуры личности курсантов вузов МВД РК.

Одним из первых таких условий следует считать единство теоретического и практического компонентов физического воспитания, включая проблемы формирования знаний в сфере самостоятельных занятий.

Очень важно, на наш взгляд, акцентировать внимание занимающихся самостоятельно физической культурой на реальной пользе и прогрессе в собственном физическом состоянии. С учетом избранной направленности педагогического процесса должны соответственно подбираться средства. Большее внимание должно уделяться тем из них, которые можно было бы использовать в последующие возрастные периоды, то есть вне регламентированных занятий.

<sup>1</sup> **Виленский М.Я., Горшков А.Г.** Физическая культура и здоровый образ жизни студента: Учеб. пос. для вузов. — Гардарики, 2007.

<sup>2</sup> **Железняк Ю.Д. Петров П.К.** Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: Учеб. пос. — М.: Академия, 2008.

<sup>3</sup> **Бальсевич В.К.** Научное обоснование инновационных преобразований в сфере физической культуры и спорта. // Теория и практика физической культуры. — 2001. — № 1. — С. 10-16.

## **АННОТАЦИЯ**

Статья содержит теоретические материалы по проблеме физической культуры и процесса формирования личности курсанта.

## **ТҮЙІН**

Макалада дене шынықтыру мәселеісі және курсант тұлғасын қалыптастыру процесі бойынша теориялық материалдар қамтылған.

## **ANNOTATION**

The article contains theoretical materials on the problem of physical culture and the process of formation of the student's personality.

**А.Ж. Жарасхан** — Қазақстан Республикасы ПМ М.Бекенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының күндізгі оқу факультетінің ага оқытушы әдіскері, полиция капитаны;

**М.С. Салауатов** — Қазақстан Республикасы ПМ М.Бекенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының әкімшілік құқық және ПО-ның әкімшілік қызметі кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

**ӘОЖ 378**

### **ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ФЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРИ**

### **МЕТОДЫ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ПЕДАГОГИКЕ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ**

### **METHODS OF SCIENTIFIC RESEARCH IN THE PEDAGOGY OF HIGHER SCHOOL**

*Түйінді сөздер:: педагогика, әдістеме, әдіснама, білім беру, модельдеу теориясы, ғылым, жоғары білім, кәсіби білім.*

**Ключевые слова:** педагогика, методика, обучение, теория моделирование, наука, высшее образование, профессиональное образование, методология.

**Keywords:** pedagogy, methodology, training, theory modeling, science, higher education, vocational education, methodology.

Жоғары мектеп педагогикасы ғылымы жалпы мектеп педагогикасының негізінде пайда болды. Ол келесідей ғылымдармен тығыз байланыста болады: жалпы дидактика, тәрбиелеу теориясы, педагогика мен жоғары білім тарихы, оқу және оқытушы еңбегін ғылыми үйімдастыру, педагогикалық психология, жалпы психология, физиологиялық психология, кибернетикалық педагогика. Жоғары мектеп педагогикасы өзінің зерттеу әдістерін жетілдіре және нақтылай отырып, бірқатар математикалық ғылымдармен (ең алдымен математикалық статистикамен, ықтималдық теориясымен және математикалық логикамен), модельдеу теориясымен, психологиямен және нейрокибернетикамен, әлеуметтік ғылым-

дармен, әлеуметтік психологиямен, әлеуметтану және социометриямен байланыс орнатады.

Педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі жоғары мектеп педагогикасы дәстүрлі түрде педагогикалық ғылымдар жүйесінде бірнеше дербес салаға бөлінеді:

1. педагогикалық идеялар мен білім беру жүйесін зерттейтін педагогика тарихы;

2. әртүрлі елдердің білім беру жүйесін олардың мәніне терең ену мақсатында сараптама жүргізетін салыстырмалы педагогика;

3. дидактика, яғни теория және білім беру;

4. тәрбие ықпалының формалары мен әдістерін әзірлейтін тәрбие теориясы;

5. мектеп жүргізу немесе білім беруді басқару, оның шегінде мектеп үйымының нысандарын, сондай-ақ оқу орындарында білім беруді үйымдастырудың барлық түрлері мен дәрежелерін қарастырады;

6. физикалық және ақыл-ой кемістігі бар адамдардың түрлері мен әдістерін зерттейтін дефектология (сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофрено-педагогика, логопедия);

7. белгілі бір салада жұмыс істейтін адамдардың құралдарын зерттейтін кәсіби педагогика (емдеу, театр, әскери, тузыу-еңбек педагогикасы және т. б.);

8. педагогика (мектепке дейінгі, мектеп, жоғары мектеп педагогикасы, ересектер педагогикасы, немесе андрогогика).

Расымен, жоғары білім арнайы, яғни белгілі бір мамандық мамандарын дайындайды. Жоғары және кәсіби білім беретін оқу орындары тараҧынан білім алушыларға сапалы білім берумен қатар, педагогикалық бағыт-бағдар берілуі тиіс. Жоғары мектеп педагогикасы барлық пәндерді оқыту үшін негіз болып табылады. Жоғары оқу орнының барлық кафедралары сабак беру әдістемесімен айналысатынын атап өту керек: олар пәннің мазмұнын анықтайты, курстық және дипломдық жұмыстарға арналған тапсырмалар әзірлейді, лекциялар талқылайды, студенттердің білімін тексеру құралдарын және оқу құралдарын, оқулықтарды құрастыра отырып, олардың бағалау өлшемдерін белгілейді. Кафедралардың әдістемелік жұмысының жоғары мектеп педагогикасының дидактикалық принциптерін ескере отырып, жалпы теорияға және тәрбиеге әрдайым сүйенуі тиіс.

Әдіснама (латын тілінен аударылғанды methodos-әдіс, logos-оқу) — бұл танымның ғылыми әдісі туралы ілім, сондай-ақ белгілі бір ғылымда қолданылатын зерттеудің негізгі тәсілдері. Мұндай әдіс — зерттеу тәсілі, тану. Әдісті қолданудың мәні, онда мазмұндалған білімді, зерттеушінің танылатын объектімен іс-әрекетін анықтайты, оған жақындау тәсілдерін, білімді алушы, оны білдіру және құрастыру тәсілін, сипаттау және зерделеу үшін материал ретінде үйымдастырылуын көрсетеді. Методология оқу ретінде ғылыми танымды нақты әлемнің қасиеттері мен байланыстары арқылы ақыл-ой қызметінің әдістері мен тәсілдерін қамтамасыз етеді.

Зерттеу әдістері зерттеушінің бастапқы концепциясымен, оның зерттелүшінің мәні мен құрылымы туралы, жалпы әдіснамалық бағдар туралы, нақты зерттеудің мақсаттары мен міндеттері туралы түсініктерімен анықталады.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жүргізу негізгі терминдердің сөз мағынасын және олардың өзара байланысын білуді талап етеді. Мұндай терминдерге зерттеу әдістемесі мен әдістемесі жатады.

Әдістеме — материалды және нақты рәсім негізінде зерттеу субъектісі мен объектісінің өзара іс-кимылын ұйымдастырудың әзірленген тәсілі ретінде әдісті нақты іске асыру.

Зерттеу әдісі — зерттелетін объектінің, құбылыстың және үрдістің мәні туралы жалпы теориялық ұйымдардан туындастырылуы.

Зерттеу әдіснамасы — теориялық қызметті ұйымдастыру және күру қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі, сондай-ақ осы жүйе туралы ілім.

Педагогикалық зерттеу бірқатар кезеңдерден өтеді. Төрт негізгі кезеңдерін сипаттайық:

1. Мәселенің жағдайын зерттеу, зерттеу бағдарламасын әзірлеу, болжамдарды тұжырымдау, зерттеу әдістерін таңдау:

а) осы кезеңде басқа және зерттеушінің өзі орындалған таңдалған тақырып бойынша бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелері анықталып, талданады. Қайшылықтар, шешілмеген мәселелер анықталады, зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделеді;

б) зерттеудің объектісі, пәні мен мақсаты анықталады; гипотезалар тұжырымдалады (зерттеуде растама алуға тиіс жорамалдар); гипотезадан туындастырылған міндеттер қойылады; зерттеудің стратегиялық (қағидаттық) жоспары жасалады (әр кезеңдегі кезеңдер мен міндеттер айқындалады); зерттеу әдістерінің жүйесі таңдалады (теориялық, эмпирикалық және статистикалық); бастапқы деректерді жинау мен талдаудың негізгі процедураларының нобайлары жасалады.

2. Нақты деректерді жинау. Таңдап алынған әдістер мен әдістемелердің көмегімен оның мәні мен ерекшелігін дұрыс түсіну үшін тақырыпқа белгіленген педагогикалық құбылыс зерттеледі.

3. Деректерді сапалы және сандық өндеу.

Сапалы өндеу: а) үрдістің немесе жеке білім алушының, топтың нақты ерекшеліктері туралы айтуға болатын көрсеткіштерді алууды;

б) сандық өндеуден кейінгі алдын ала көрсеткіштерді алууды болжайды.

Сандық өндеу математикалық статистика әдістерін қамтиды: алтернативті, корреляциялық, дисперсиялық, факторлық, таксономиялық талдау және т. б.

4. Деректерді түсіндіру, тұжырымдарды, практикалық ұсыныстарды қалыптастыру, болашақта құбылыстың даму болжамын әзірлеу.

Барлық зерттеу мәселесін қоюдан бастап болжамды нәтижелерге бағынады. Зерттеуші зерттеуде белгіленген барлық міндеттерді шешкеннен кейін педагогикалық құбылыстың белгілі бір қасиеттерінің, ерекшеліктерінің, жақтарының болуын көрсетеді. Жалпылама қорытындылар, оның пайда болу және қызмет ету заңдылықтарына қатысты қорытындылар жасалады. Басқа педагогтар мен зерт-

теушілердің алған нәтижелерін пайдалануы бойынша ғылыми-негізделген ұсыныстар беріледі.

Педагогикалық зерттеудегі гипотезаны тексеру және фактілерді жинақтау әдістері:

- 1) әдеби дерек көздерін зерттеу;
- 2) бақылау;
- 3) қызмет нәтижелерін талдау;
- 4) биографиялық әдіс;
- 5) фотосуреттер, кино, теле және дыбыс жазу;
- 6) құжаттардды зерттеу;
- 7) сауалнама жүргізу;
- 8) тестілеу әдісі;
- 9) тәуелсіз сипаттамаларды жалпылау.

Педагогикалық зерттеу әдістері зерттеудің соңғы мақсаты — занықтау (орнату). Оны құбылыстар арасында тұрақты және қажетті байланыс ретінде алуға болады. Іздестіруді жүргізу үшін түрлі әдістер қолданылады. Педагогикадағы зерттеу әдістері деп эмпирикалық және теориялық таным мен құбылыстар мен шындықты зерттеу әдістері, процедуралары мен операциялары түсініледі. Басқаша айтқанда, бұл ғылыми-зерттеу есептерін шешу тәсілдері немесе объективті шындықты тану тәсілдері. Зерттеу әдістері зерттеушінің бастапқы тұжырымдамасымен, оның зерттелетін зерттеудің мәні мен құрылымы, жалпы әдіснамалық бағдар, мақсаттары мен міндеттері туралы түсінігімен анықталады.

Педагогикалық зерттеудің әрбір кезеңінде әдістерді тандау үшін әрбір әдістің жалпы және нақты мүмкіндіктерін, оның зерттеу процедуралары жүйесіндегі орнын білу қажет. Зерттеу әдістері екі топқа бөлінеді: негізгі (бақылау және эксперимент) және қосалқы (зерттеу материалдарын жинау және алынған деректерді өңдеу).

Бақылау-педагогикалық құбылыстар — әртүрлі жағдайларда олардың ағымына араласпай-ақ зерттейтін ең көп таралған әдіс. Тірі фактілерді тіркеумен шектеледі, кездейсоқ сипатқа ие. Ғылыми ұйымдастырылған гипотезаны, мақсатын, жоспарын, нәтижелерді тіркеуді және өңдеуді көздейді.

*Зертханалық әдіс* арнайы ұйымдастырылған жағдайларда және нұсқаулық бойынша өтеді.

*Жалпыланған тәуелсіз сипаттамалар әдісі* әртүрлі адамдардан алынған құбылыстар туралы пікірлерді анықтауды және талдауды көздейді. Бұл сарапшылар болуы мүмкін.

*Сауалнама-әдіс* зерттеушінің нақты сұрақтарына сыналушылардың жауаптарын болжайды. Ол жазбаша (сауалнама, сұрақтар баспа нұсқасында ұсынылған кезде: сауалнама параллары, сауалнамалар) және сыналушымен жеке байланыс орнатылған кезде ауызша болады.

*Тестілеу-сыналушылар* белгілі бір әрекеттерді орындастырып, зерттеушінің тапсырмаларын (табыстырылған тесттері, даму тесттері және т.б.) орындастырып әдіс.

Күжаттарды және қызмет өнімдерін талдау-білім, білік, дағдылар, қабілеттер және т. б. іске асырылған еңбек пәндері бойынша педагогикалық құбылыстарды тікелей зерттеу әдісі.

*Математикалық статистика әдістері* педагогикалық зерттеу нәтижелерін өндөу үшін қолданылады.

Модельдеу әдісі процесс пен құбылыстың ықтимал ағуын зерттеу, есептерді шешу және т.б. үшін нақты объектін ауыстыру, әдетте қазіргі заманғы компьютерлік техника қолданылады. Кез келген әдіс пайдалану шектеулері, артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бұл туралы ұсынылған әдебиеттен оқуға болады.

Эксперименталды жұмыс бойынша педагогикадағы қорытындылар жалпы-лама орташаланған түрде тұжырымдалады. Шеткі ауытқулар киылышады, тыныш жаппай үрдіс олардың орнын алады. Зерттеудің соңғы мақсаты қандай да бір құбылыстың, процестің өту занымалықтарын анықтау (анықтау). Оны құбылыстар, процестер арасындағы тұрақты және қажетті байланыс ретінде анықтауга болады.

Педагогикалық зерттеуге ерекше талаптар қойылады. Біріншіден, педагогикалық зерттеу әрдайым ерекше назар аударуды қажет етеді, ейткені зерттеу мәселесі адамдар болып табылады. Екіншіден, ең курделі теориялық мәселені зерттеу кезінде барынша тәжірибелі тұрғыдан қарастыру қажет. Ғалым тек теорияны ғана емес, оны тәжірибеле енгізу тәсілдерін көрсетуге міндетті. Үшіншіден, педагогикалық зерттеу — зерттеушінің және тәжірибеле барлық қатысушыларының ортақ шығармашылығы.

## ТҮЙІН

Мақалада автор педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі жоғары мектеп педагогикасының ғылыми зерттеу әдістерінің әрбір кезеңдеріне тоқталып, жалпы әдіснамалық бағдар беру арқылы, зерттеу әдісінің мақсаттары мен міндеттеріне тоқталған.

## АННОТАЦИЯ

Автор в своей статье раскрыл цели и обязанности научной методики, останавливаясь на каждом уровне методики научных исследований педагогической научной системы высшей школы педагогики, путем ориентирования общей методологии.

## ANNOTATION

The author in his article has disclosed the purpose and responsibilities of the scientific method stopping on each level of research methods of pedagogical research system of the higher school of pedagogy, by the orientation of a common methodology.

**Жұмабазин Е.М.** — преподаватель кафедры оперативно-розыскной деятельности Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан имени М. Букенбаева, майор полиции

**УДК 343**

## **АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ДЕСТРУКТИВНОГО ВЛИЯНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА СРЕДИ МОЛОДЕЖИ**

### **ЖАСТАР АРАСЫНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ДЕСТРУКТИВТІ БІҚПАЛ ЕТУІ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

### **ACTUAL PROBLEMS OF THE DESTRUCTIVE INFLUENCE OF RELIGIOUS EXTREMISM AMONG YOUNG PEOPLE**

**Ключевые слова:** Конституция, молодежь, деструктивные, религиозные, статья, течение, секты, национальные ценности, брак и семья, права, вербовщики, религия, гражданин, друзья, смысл, лекция, ученые, работники, горячая линия, группы.

**Түйінді сөздер:** Конституция, жастар, деструктивті, діни, мақала, ағыс, секталар, ұлттық құндылықтар, неке және отбасы, құқық, тартуышлар, діни ағымдар, азамат, достар, мазына, дәріс, ғалымдар, жұмысшылар, тікелей желі, топтар.

**Keywords:** Constitutions, youth, destructive, religious, article, movements, sects, national values, marriage and family, disrespect, rights, recruiters, religions, citizens, friends, meaning, lecture, scientists, workers, hotline, groups.

